

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

HYRASIA ONE: Әлемдегі ең ірі бес сутегі жобасының бірі жаңа маңызды кезеңге - өнеркәсіпті декарбонизациялауға қажет жасыл энергияға қол жеткізуде

- Жобаның еуропалық әзірлеушісі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Президенті мен Еуропалық Кеңес Президентінің қатысуымен Инвестициялар туралы келісімге қол қойды.
- Маңғыстау облысындағы жел-күн сутегі қондырғысы 2032 жылдан бастап жылына екі миллион тоннаға дейін сутегі өндірімек.
- Ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық және құқықтық база 40-тан 50 миллиард АҚШ долларына дейінгі инвестициялардың жоспарланған көлеміне берік негіз болмақ.

Астана/Дрезден, 2022 жылдың 27 қазаны – Экологиялық таза технологиялар саласында жұмыс істейтін Еуропалық SVEVIND Energy Group компаниясының еншілес кәсіпорны Hyrasia ONE таза жасыл сутегі өндіретін әлемдегі ең ірі өнеркәсіптік зауыттардың бірін Қазақстанда салуды жоспарлап отыр. Осылайша, HYRASIA ONE жобасы келесі шешуші кезеңге өтуде. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев пен Еуропалық Кеңестің президенті Шарль Мишельдің қатысуымен HYRASIA ONE және Қазақстан Республикасының Үкіметінің өкілдері бүгін Астанада осы маңызды жобаның бастамасы болатын Инвестициялар туралы келісімге қол қойды.

HYRASIA ONE жобасын жүзеге асыру үшін Оңтүстік-Батыс Қазақстанның кең даласында жобалық қуаты шамамен 40 гигаватт болатын жел энергетикалық және фотоэлектрлік қондырғылар орнатылатын болады. Осы қондырғыларда сағатына 120 тераватт көлемінде өндірілетін жаңартылатын энергия Каспий теңізінің жағалауындағы электролизерлерді қуатпен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Олардың жалпы өнімділігі 20 гигаватт және ол жылына екі миллион тоннаға дейін «жасыл» сутегі өндіру мүмкіндігін береді. Мұндай өнімділік көрсеткіші Еуропалық Одақтың 2030 жылғы «жасыл» сутек импорт сұранысының бестен бір бөлігіне тең. Осылайша, HYRASIA ONE қазіргі уақытта Еуропада, сондай-ақ Қазақстанның өзінде және Азия елдерінде дамып келе жатқан сутегі нарықтарының маңызды тірегі бола алады.

Бүгін қол қойылған Инвестициялар туралы келісім берілетін жер көлемі, инфрақұрылым, тауарлар мен капиталдың кедергісіз қозғалысы және басқа да экономикалық және құқықтық жағдайлар сияқты жобаның шешуші параметрлерін айқындай отырып, үш жыл бойы әзірленіп келе жатқан жобаға инвестициялық тұрғыдан негіз қалайды. Инвестициялар туралы келісімнің негізінде Hyrasia ONE компаниясы бірлескен инвесторлармен, клиенттер және қондырғы жеткізушілермен нақты келіссөздерге кірісе алады, осылайша "жасыл" сутегінің кейінгі маркетингінің негізі қаланады. Маңғыстау өңірінде сутегі өндіруді бастау 2030 жылда жоспарланса, ал толық өндірістік қуатқа шығу 2032 жылға қарай күтілуде. Құны шамамен 40-50 миллиард АҚШ долларын құрайтын жоба бойынша соңғы инвестициялар туралы шешімнің қабылдануы 2026 жылға қарай күтілуде.

2022 жылдың жазында ILF Consulting Engineers және Roland Berger Management Consultants консалтинг компаниялары бірлесіп дайындаған тұжырымдамалық дизайнды зерттеу өз мәресіне жетіп, жобаны әзірлеудің бірінші кезеңі сәтті аяқталды.

«HYRASIA ONE жобасының көмегімен біз энергетикалық және шикізат қорларының бірегей өнеркәсіптік ауқымдарда бар болуын қамтамасыз ете аламыз», - дейді Hyrasia Energy компаниясының басқару директоры және SVEVIND Energy Group компаниясының негізін қалаушысы және басшысы Вольфганг Кропп. «Қазақстан экологиялық таза энергия мен жасыл сутегі өндірісі үшін тамаша орын. Кең байтақ далада жыл мезгіліне қарамастан қатты жел соғып тұрады, ал күн сәулесін шығару Орталық Еуропаға қарағанда әлдеқайда қарқынды. Бүгін Инвестициялар туралы келісімге қол қойылғаннан кейін жоба келесі шешуші кезеңге өтеді. Біз жоспарларымызды қолдаған және жасыл сутегінің көп мөлшерде өндірудің орасан зор экономикалық әлеуетін мойындаған, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Үкіметін, сынды сенімді серіктес тапқанымызға қуаныштымыз».

2022 жылдың қазанында Сутегі технологиялары кеңесі мен McKinsey компаниясы бірлесіп жариялаған «Жаһандық сутегі ағыны» зерттеуі бойынша, экологиялық қауіпсіз сутегі 2050 жылға қарай жаһандық климаттық бейтараптық жолында қажет көміртектің қостотығы шығарындыларының көлемін бес есеге дейін қысқартылуын қамтамасыз ете алады. Сутекті пайдалану көміртектің қостотығы шығарындыларының дүниежүзілік көлемін 2050 жылға қарай 80 гигатоннаға азайтуға мүмкіндік береді. Зерттеуде сонымен қатар кейбір елдер сутектің айтарлықтай мөлшерін импорттауға мәжбүр болады деп атап өтілген. Бұл елдерге Жапония мен Оңтүстік Кореядан басқа, ең алдымен, Еуропалық Одақ елдері кіреді. Осыған орай, Еурокомиссия Президенті фон дер Лейен мен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылдың қараша айының соңына дейін тұрақты шикізат, аккумуляторлар және жасыл сутегі саласындағы стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қою туралы мәлімдемесі маңызды қадам болып табылады.

«Алдағы он жыл дүниежүзілік энергетикалық ауысу үшін шешуші болып табылады. Біз қапы жіберген әрбір әрекеттің келешекке теріс әсер әкелетіні сөзсіз. Біз HYRASIA ONE жобасы арқылы болашаққа елеулі үлес қосамыз», - деп пайымдайды Вольфганг Кропп.

Байланыс:
SVEVIND Energy Group
Мартин Киша
Халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы
Оскарштрассе к-сі, 18
01219 Дрезден | Германия
Эл. пошта: media@hyrasia.energy
www.hyrasia.energy

Hyrasia Energy жобасы туралы

HYRASIA ONE Қазақстанда қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша әзірлену қарастырылған экологиялық таза сутегі өндіретін әлемдегі ең ірі бес зауыттың бірін салуды жоспарлап отыр. Алып жел-күн сутегі қондырғысы 2032 жылдан бастап Маңғыстау облысында жылына екі миллион тоннаға дейін сутегі өндіреді деп күтілуде. HYRASIA ONE - штаб-пәтері Германияның Дрезден қаласында орналасқан Еуропалық жаңартылатын энергия жобаларын жасаушы SVEVIND Energy Group-тың компаниясы. Компания сонымен қатар жағалаудағы жел және фотоэлектрлік жобаларды жоспарлайды, әзірлейді және жүзеге асырады. Швецияның солтүстігінде SVEVIND компаниясы қазіргі уақытта Еуропадағы ең ірі жел электр станцияларының кластерін - MARKBYGDEN 1101 жобасын әзірлеп, енгізуде. Қазіргі уақытта 1700 мегаватт көлемінде жұмыс істеуде. Markbygden 1101 қуаты 2026 жылдан кейін 3,6 гигаватт болады деп күтілуде. Бұл Швецияға электр энергиясының шамамен 8% қамтамасыз етеді.